

Сайлау өткізу кезеңінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 276 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қыркүйекте № 4031 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қаулысына өзгерістер енгізу көзделген – Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімдігінің 07.11.2022 № 249 қаулысымен (өзгерістер енгізілмеді).

Ескерту. Атауға өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 14.04.2017 № 100 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабының 6-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Хромтау аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен бірлесе отырып (келісімі бойынша) сайлау өткізу кезеңінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Хромтау қаласы мен ауылдық округтерінің әкімдері үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен және тұғырлықтармен жарақтандырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы С.Жаконовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

Аудан әкімінің м.а.

Келісілді:

Хромтау аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы

С.Сагимбаев

2026 жылғы "16" маусым
№ 187 қаулысына қосымша

Сайлау өткізу кезеңінде үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 16.06.2026 № 187 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

--	--	--	--

№	Қала және ауылдық округтердің атауы	Қала немесе елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Ақжар ауылдық округі	Ақжар ауылы	ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, Әйтеке-би көшесі, 67
		Жазық бекеті	бастауыш мектеп ғимараты, Бірлік көшесі, 6
2	Аққұдық ауылдық округі	Аққұдық ауылы	орта мектеп ғимараты, Құрманғали Оспанов көшесі, 13
3	Абай ауылдық округі	Абай ауылы	орта мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 17
4	Бөгетсай ауылдық округі	Бөгетсай ауылы	ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, Әлия Молдағұлова көшесі, 9
5	Дөң ауылдық округі	Дөң ауылы	орта мектеп-гимназиясы ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 50
		Онғар ауылы	орта мектеп ғимараты, Адыр көшесі, 27
6	Қызылсу ауылдық округі	Қызылсу ауылы	орта мектеп ғимараты, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 7
		Сарсай ауылы	ауылдық әкімдік ғимараты, Абая көшесі, 23
7	Құдықсай ауылдық округі	Құдықсай ауылы	негізгі мектеп ғимараты, Мектеп көшесі, 1
8	Қопа ауылдық округі	Қопа ауылы	ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, Мәншүк Маметова көшесі, 22
		Тамды ауылы	орта мектеп ғимараты, Ардагерлер көшесі, 1
9	Көктау ауылдық округі	Көктау ауылы	орта мектеп ғимараты, Нұрлы-көш көшесі, 37а
10	Көктөбе ауылдық округі	Майтөбе ауылы	орта мектеп ғимараты, Тәуелсіздік көшесі, 1
11	Тассай ауылдық округі	Тассай ауылы	ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 12
12	Некілтау ауылы	Некілтау ауылы	ауылдық мәдениет үйінің ғимараты, Мектеп көшесі, 2
13	Табантал ауылдық округі	Табантал ауылы	ауылдық клуб ғимараты, Табантал көшесі, 62

14	Тасөткел ауылдық округі	Тасөткел ауылы	ауылдық әкімдік ғимараты, Орталық көшесі, 16
15	Хромтау қаласы	Хромтау қаласы	қалалық әкімдік ғимараты, М.Горький, 9
			"Саяхат" автобекеті, М Өуезов көшесі, 2В
			Орталық мешіт ғимараты, М.Өуезова көшесі, 4А

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК